

















Шарын шатқалы –

миллиондаған жылдар бойы желдің мұжуі, жауын-шашын мен Шарын өзенінің әсерінен пайда болған таңғажайып пішіндер әлемі. Қою қызыл, сарғыш түсті қорғандар, сарайлар, мұнара, киіз үй тәрізді табиғи ескерткіштер ертегі әлеміндей. Шатқалда 2 миллион жылдан бері өз түрін сақтаған соғды шетені өседі. Шарын шатқалынан ежелгі пілдер, мүйізтұмсықтар, стенон жылқыларының сүйектері табылған.

Қиын-Керіш шатқалы –

Зайсан көлінің солтүстігінде, Тарбағатай тауларының ортасында орналасқан ғажайып өлке. Алыстан түрлі-түске боялып, жақындағанда аспанға от шашқандай сәулелері құбылып тұратын бұл өлкені «Жатпланеталық пейзаж» деп атайды. Жұмбағы әлі шешілмеген Қиын -Керіш бірінен соң бірі тізбектелген дәуірлердің тасқа айналған геологиялық кітабындай жұмбаққа толы өлке.

Торыш тастары-

маңғаз Маңғыстаудың құпиясы ашылмаған жұмбақ аймағы. Шамамен 120 миллион жыл бұрын пайда болған, диаметрі 4 метрге жететін алып шар тәрізді тастардың құпиясын әлі ешбір ғалым таппады. Үстіртте шашылып жатқан ірілі-ұсақты мыңдаған шар тәрізді тастарды «қой тас» деп те атайды. Сыртқы беті қабыршақтанып, жарылатын алып тастар талай аңызға да арқау болған.

Ақтолағай үстірті –

Ақтөбе облысының мақтанышы Ақтолағай үстірті бір күнде түсін бірнеше рет өзгертеді. Таңертең сарғыш, түсте ақ түске, кешке әдемі көкшіл түске боялатын үстірт талай туристтің арманы. Бір кездері теңіз түбі болған бұл жерде ежелгі акулалардың тістері, ихтиозаврлар мен динозаврлардың сүйектері мен тістері , беймәлім өсімдіктердің қалдығы табылған.

Жұмбақтас –

пішіні пирамида тәрізді, жиектері дөңгеленген граниттен тұратын, биіктігі 18 метр табиғат ескерткіші. Кіршіксіз махаббаттың куәсі Жұмбақтас Бурабайдың көркіне ерекше келбет беріп тұр. Жұмбақтас –бір жағынан қарасаң кәдімгі кемеге, екінші жағынан шашын жел жұлқып тұрған қызға, сәл бұрылып қарасаң қайғыдан мүжілген кемпірге ұқсайды.

Тас ертегі -

Батыс Алтай қорығы аймағында орналасқан, 16 шаршы шақырым ауданды қамтитын, биіктігі 35 метрге дейін жететін ерекше пішін-қалыптағы тау жұрнақтары бар геоархитектуралық кешен. Алтай тауының Көксу, Иванов және Қоржынтау тоғысындағы ғажайып көріністерді көз алдыңызға келтіретін Ақсақалдар кеңесі, Батырлар, Бақылаушы сияқты өз атаулары бар бұл жер халық арасында "Тас ертегі" деп аталып кеткен.

Қарақия ойысы –

Бұл Қазақстанның ең төмен нүктесі, теңіз деңгейінен -132 метр, ойпат терең тостағанға ұқсайды. Ұзындығы 85 шақырым, ені 25 шақырым , әлемде тереңдігі жөнінен 5-орын алады. Ойпаттың биік басынан айналаны тамашаласаң алыста мұнарланған тұман, төселген көкжиек, ал жаныңда демінді шығармайтындай тұңғық шыңырау.

Хан-Тәңірі шыңы -

Қазақстанның ең биік нүктесі, Тянь-Шань тауының еліміздегі бөлігінде орналасқан шыңның биіктігі 6995 метр. Күн ашықта ақ күмістей жарқырап, найзадай тік шаншылып, сүйір ұшы аспанмен таласқан шыңды халық «Аспан тау», «Тәңір тау» деп құдірет тұтып, күн шығар және батар кезде қызыл түске малынған әдемі бейнесіне қарап «Хан-Тәңірі» немесе «Кан-Тенгири» деп әспеттейді.